

"Автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 368 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 18 қарашадағы № 237 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 желтоқсанда № 10004 тіркелді

«Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 368 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 30 шілдеде № 9649 тіркелді, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 7 тамызда ресми түрде жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті (Н.Е. Бейсен):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.Р. Мусиновқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	Қазақстан	Республикасының
	Денсаулық	сақтау және
әлеуметтік даму министрі	Т. Дүйсенова	
Қазақстан	Республикасы	
Денсаулық	сақтау және	

әлеуметтік даму министрінің
 2014 жылғы 18 қарашадағы
 № 237 бұйрығына
 қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Денсаулық сақтау және
 әлеуметтік даму министрінің
 2014 жылғы 2 шілдедегі
 № 368 бұйрығымен
 бекітілген

Автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесі

Р/с №	Атауы (ХПА)	Өлшем бірлігі	Саны
Жарақаттар (қан кету, соғылу, сыну, буынның шығуы, күй), жарақаттану кезінде қолданылатын дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар			
1.	Сутегі тотығы, 3% ерітіндісі	флакон	1
2.	Зарарсыздандырылған дәке бинті 5м x 10 см	дана	1
3.	Зарарсыздандырылмаған дәке бинті 5м x 10 см	дана	1
4.	Зарарсыздандырылмаған дәке бинті 7м x 14 см	дана	1
5.	Зарарсыздандырылған медициналық дәке салфеткалар	дана	1
6.	Зарарсыздандырылған таңу пакеті	дана	1
7.	Зарарсыздандырылған медициналық гигроскопиялық мақта 50 г	дана	1
8.	Қан тоқтатқыш жгут	дана	1
9.	Бактерицидті лейкопластырь	дана	5
10.	Медициналық лейкопластырь	дана	1
11.	Эластикалық түтікшелі бинт № 1, 3,6	дана	бір-бірден
12.	Зарарсыздандырылмаған медициналық қолғаптар	жұп	1
13.	Доғал ұшты қайшылар	дана	1

Е с к е р т п е :

Автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасын қолдану бойынша
 ұ с ы н ы м д а р :

Жол-көлік оқиғаларының нәтижесінде зардап шеккен адамдарға медициналық
 алғашқы көмек қобдишасының құрамына кіретін заттарды мынадай түрде қолдану
 ұ с ы н ы л а д ы :

а) жол-көлік оқиғалары нәтижесінде зардап шеккен адамдарға алғашқы көмек көрсету кезінде барлық манипуляцияларды медициналық қолғаптармен жасау қажет;

б) ірі (магистральді) қан артерияларынан артериялық қан кету кезінде тамырды саусақпен басып, жазбада жгут салу уақытын көрсете отырып, зақымдалған жерден жоғары басып тұрған жерге қан тоқтататын жгутты және жарақатқа (қысып) байланатын таңғышты салу керек;

в) жарақат болған кезде зарарсыздандырылған салфеткалар мен бинттерді немесе зарарсыздандырылған тану пакетін пайдаланып, (қысып) байланатын таңғышты салу керек.

Жарақаттан қан ақпаған кезде және қысып байланатын таңғышты салу мүмкіндігі болмаса, онда жарақатқа зарарсыздандырылған салфетканы салып, оны лейкопластырьмен бекіту керек. Ұсақ жарақаттар кезінде бактерицидтік лейкопластырьді пайдалану қажет.

Сутегі тотығы, 3% ерітіндісі

Сутегі тотығын механикалық тазалау және беткі жаралардан капиллярлық қан кетуді тоқтату үшін қолданады. Жарақатқа зарарсыздандырылған дәке салфеткалар салынады.